

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 Өкімі. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2007.04.06. N 310 жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған, Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
бір апта мерзімде Жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесін
өзі р л е с і н және б е к і т с і н ;

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының
қағидалары бойынша жүйелі негізде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

тоқсан сайын Жоспардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жоспардың іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 4 наурыздағы
N 528 өкімімен

БЕКІТІЛГЕН

*"Еліміздің экономикалық және саяси
дамуындағы түбегейлі жаңа кезең,*

Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру - біздің күн тәртібіміздегі мәселе осындай."

(ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауынан)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.08.22. N 1630 жарлығымен.

N р/с	Жолдаудың қағидасы	Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушы	Аяқталу нысаны	Орын- далу мерзі- мі
1	2	3	4	5	6
Қазақстанның жедел экономикалық және әлеуметтік прогресі					
1.	Қазақстан өз азаматтары үшін өмірдің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс.	Әлеуметтік-экономикалық дамудың және фискалдық саясаттың орта мерзімді жоспарларының республика мен өңірлер бағдарламаларының жобаларын әзірлеу кезінде Қазақстанның дамуының тиімділігін арттыруды және қызметтің бүкіл салаларында жоғары стандарттарды енгізуді басым мақсаттар мен міндеттерге қосуды қамтамасыз ету	Д. К. Ахметов	Үкімет қаулысы	тұрақты
Инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыту					
		Жекеше сектор өкілдерінің қатысуымен			

2.	Биылғы жылдың ортасына қарай кемінде 5-7 кластерді жасау мен дамытудың жоспары болуы қажет.	нарықтың: - туризм; - құрылыс материалдары; - тоқыма өнеркәсібі; - тамақ өнеркәсібі; - металлургия; - мұнай-газ машиналарын жасау; - көлік-логистикалық қызметтер сегменттерінде жеті пилоттық кластерді жасау мен дамытудың жоспарларын әзірлеу	С . М . Мыңбаев, Қ . Н . Келімбетов, А . Ғ . Дунаев, Қ . Ы . Нағманов, С . Ә . Үмбетов, Н . Ж Құсайынов	Үкімет қаулысы	2005 ж. маусым
Шағын және орта бизнес туралы					
3.	Біз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуге тиіспіз. Біз кәсіпкерлік ортаның бастамаларын іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызуымыз керек.	1. Шағын бизнес субъектілерінің қызмет аясын барынша кеңейтуге бағытталған институционалдық жағдайларды жетілдіру есебінен Қазақстанның бәсекеге қабілеті жөніндегі шараларды айқындайтын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орта мерзімді бағдарлама әзірлеу. 2. "Кәсіпкерлік туралы" Заңды әзірлеу.	Қ . Н . Келімбетов, И . М . Кравченко, А.Ғ.Дунаев С . М . Мыңбаев, Қ . Н . Келімбетов	Үкімет қаулысы заң	2005 ж. сәуір ж о б а - 2005 ж. маусым з а ң - 2005 ж. қараша

Е с к е р т п е :

Мұнда және бұдан әрі: "жоба"- ҚР Парламенті Мәжілісіне енгізу мерзімі, "заң" - ҚР Парламентінің Заңды қабылдау мерзімі

1	2	3	4	5
4.	<p><i>Жаңа идеологияға сәйкес заңнаманы сапалық жағынан жақсарту керек.</i></p>	<p>Мыналарды: 1) бизнеске әкімшілік қысым жасауды азайтуға және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға; 2) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін арнайы салық режимін қолдану аясын кеңейтуге; 3) кәсіпкерлік субъектілері үшін әкімшілік өндіріп алудың қуғындау сипатын болдырмауға бағытталған бірқатар заңдарды әзірлеу.</p>	<p>С . М . Мыңбаев, З.Я. Балиева, Қ . Н . Келімбетов</p> <p>Қ . Н . Келімбетов, А.Ғ.Дунаев, И . М . Кравченко</p> <p>Жұмабеков</p> <p>О . И .</p>	<p>з а ң</p> <p>заң</p>
5.	<p><i>Қысқасы, сөзден іске көшетін, мемлекеттік кәсіпорындар мен мегахолдингтердің, ең алдымен ірі мемлекеттік компаниялар мен монополиялардың өздеріне үйлеспейтін міндеттерін шағын және орта бизнеске беру жөніндегі жұмысты тындыратын сәт туды</i></p>	<p>Мемлекеттік кәсіпорындар мен табиғи монополистердің қызмет түрлеріне, ұлттық компаниялардың, табиғи монополиялар субъектілерінің және оларға еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылаушы ұйымдардың, басқа да ірі компаниялардың құрылтай құжаттарына оларға үйлеспейтін міндеттердің шағын және орта бизнестің бәсекелес саласына берілуі үшін анықтау мәніне түгендеу жүргізу</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов, А.Ғ.Дунаев, Б . А . Сағынтаев, орталық атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>н о р м а - т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ актілер</p>

6.	<i>Бірқатар стратегиялық маңызды мемлекеттік компаниялар акцияларының пакеттерін басқаруды арнайы құрылатын мемлекеттік холдинг компаниясына беру қажет</i>	Мемлекеттік холдинг компаниясын құру жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу	Қ . Н . Келімбетов, А.Ғ.Дунаев, В . С . Школьник, Қ . Ы . Нағманов, С . Ә . Үмбетов, И . М . Кравченко, ұлттық компаниялар	Үкімет қаулысы
7.	<i>"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" өзіндік бір "үлкен қаржылық маркетке" айналуға тиіс</i>	1. "ШҚДҚ" (Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры) АҚ базасында кәсіпкерлікті дамыту үшін "Қаржылық үлкен маркет" тұжырымдамасын әзірлеу, бұл ретте оның аумақтық бөлімшелерінің жанында кәсіпкерлерді қолдау орталықтарын құруды қамтамасыз ету. 2. "ШҚДҚ" АҚ - ты капиталдандыруды 10 млрд. теңге көлемінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыру	С . М . Мыңбаев, А.Ғ.Дунаев, Б . Б . Жәмішев, Б . М . И машев С.М.Мыңбаев С . М . Мыңбаев, Қ . Н . Келімбетов, А.Ғ.Дунаев	Үкімет қаулысы нормативтік құқықтық актісі нормативтік құқықтық актісі
8.	<i>Биылдан бастап банк кредиттеріне кепілдік беру мен шағын бизнесті сақтандыруды жүзе-</i>	1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттерге кепілдік беруге кірісу 2. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі	С . М . Мыңбаев, Б . М . И машев С . М . Мыңбаев, Қ . Н .	ұсынылған кепілдіктер бойынша Үкіметке есеп

	<i>ге асыруды қолға алу керек</i>	банктердің кредит беруімен байланысты тәуекелдерді сақтандыру жүйесін енгізу	Келімбетов, А.Ғ.Дунаев, Б. Б. Жәмішев, Ә. Ғ. Сәйденов	есеп
Аграрлық мәселелер				
9.	<i>"Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңды қабылдау керек.</i>	"Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңды әзірлеу	С. Ә. Үмбетов, Қ. Н. Келімбетов, С. М. Мыңбаев, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	"Агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік туралы" Заң
10.	<i>Ендігі жерде ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруға айрықша назар аудару қажет</i>	Ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруды көздей отырып, агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамыту жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	С. Ә. Үмбетов, Қ. Н. Келімбетов, С. М. Мыңбаев, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Үкімет қаулысы
Қаржы секторының мәселелері				
	<i>Банктердің қызметі ашықтықтың үлгісі болуға тиіс. Ең алды-</i>			"ҚР кейбір заңнамалық актілерінің лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау

11.	<p>мен, мұның меншік құрылымы мен аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтерге қатысы бар. Банк қабылдайтын шешімдерге елеулі ықпалы бар барлық тұлғалар уәкілетті органның келісімін ала отырып, өздерінің мәртебесін нақтылай түсуі керек. Банктердің инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды шоғырландыру негізінде ретке келтіру қажет. Аффилиирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелер банктерді тәуекелге барғызбауы шарт.</p>	<p>Акционерлік қоғамдардың меншік иелері (меншігі) құрылымының, олардың аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтердің, ең бірінші кезекте банктер құрылымының ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану. Банктердің аффилиирленген тұлғалармен жасалатын мәмілелеріне қадағалауды жетілдіру.</p>	<p>Б.Б.Жәмішев</p> <p>Б.Б.Жәмішев</p> <p>Е.Л.</p> <p>Бахмутова</p>	<p>лау мәселе-лері жөнінде өзгерістер толықтырулар енгізу туралы", "ҚР кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселе-лері жөнінде өзгерістер толықтырулар енгізу туралы" заңдар ведомстволық нормативтік құқықтық актілер</p>
-----	---	--	--	--

XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау

	<p>Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды</p>	<p>Жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістер үшін жоғары білімді мамандарды даярлауды мемлекеттік білім беру тапсырысы құрылымын жетілдіру. Кластерлік</p>	<p>Б.С. Әйтимова, С.М. Мыңбаев, С.Ә. Үмбетов, Қ.Н. Келімбетов, Қ.Ы. Нағманов,</p>	<p>Үкімет қаулысы, облыстардың, Астана және</p>
--	---	---	---	---

12.	<p><i>өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз.</i></p>	<p>бастамашылықтарды ескере отырып, өңірлерде бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында техникалық және еңбекке қызмет көрсететін білікті кадрларды даярлауды өрістету</p>	<p>А . Б . Самақова, ұлттық компаниялар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері шешімдері</p>	<p>А л м а т ы қ а л а л а - р ы н ы ң ә к і м д е - р і н і ң ш е ш і м - дері</p>
13.	<p><i>Барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруге бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз қажет. Өзіміз зәру болып жүрген әрі кадрларды сырттан шақыруға мәжбүр етіп отырған техникалық мамандықтарды бірінші кезекте дамыту керек деп санаймын...</i></p>	<p>1. Жоғарғы оқу орындарының бесеуінде жана магистрлік (мастер) және екеуінде - докторлық (Ph.D) бағдарламаларды техникалық мамандықтар бойынша енгізу 2. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын өңіраралық кәсіптік орталықтарды кезек-кезеңімен құру, экономиканың жекелеген салалары бойынша техникалық және еңбекке қызмет көрсететін кадрларды даярлау мен қайта даярлау (Атырау облысында мұнай-газ саласы бойынша (2006 ж.), Павлодар облысында отын-энергетика саласы бойынша (2007 ж.), ОҚО өңдеуші сала бойынша (2008 ж.) және ШҚО-да</p>	<p>Б . С . Ә й т і м о в а</p> <p>Б . С .</p> <p>Ә й т і м о в а , Қ . Н . К е л і м б е т о в , С . М . М ы ң б а е в , Г . Ж . Қ а р а ғ ұ с о в а және Атырау, Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н , П а в л о д а р , О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с т а р ы - н ы ң ә к і м - д е р і</p>	<p>Ү к і м е т к е е с е п</p> <p>Б . С .</p> <p>қ а у л ы - л а р ы</p>

		машина жасау бойынша (2009 ж.) жөнінде ұсыныстар енгізу		
14.	<i>Қазақстанның жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, ал жетекші оқу орындарының дипломдары күллі әлемде танылуға тиіс. Олар оны істеуге міндетті.</i>	Жоғары оқу орындарындағы сапа менеджменті жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіруді кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі жұмысты жүргізу	Б . С . Әйтимова, Е.А.Досаев	И С О менеджменті стандарттарына кестік сертификаттары
15.	<i>Студенттердің оқуын бюджеттен қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында Үкіметке білім беру кредиттерінің есебінен білім беруге арналған гранттардың мөлшерін 50%-ға арттыруды тапсырамын.</i>	2005-2006 оқу жылдарында білім беру кредиттерінің есебінен мемлекеттік білім беру гранттарының мөлшерін 50%-ға арттыру.	Б . С . Әйтимова, Е.А.Досаев, Қ . Н . Келімбетов, З.Я.Балиева	Үкімет қаулысы
16.	<i>Үкімет каникул кездерінде студенттерге тұрғын үй тұрғызатын құрылыс отрядтарында жұмыс беру, елімізді көгалдандырудың "Жасыл ел" бағдарламасын өрістетіп, бұл игілікті істер-</i>	1. Елді көгалдандыру бастамасын іске асыру жөнінде "Жасыл ел" бағдарламасын әзірлеу және оны орындауға студенттерді тарту. 2. Тұрғын үй құрылысының	С . Ә . Үмбетов, Б . С . Әйтимова, Қ . Ы . Нағманов, А . Б . Самақова, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері облыстардың, Астана және Алматы	Үкімет қаулысы тық, Астана және Алматы

	<p>ге студенттерді қатыстыру мәселесін нақтылы қарауы керек.</p>	<p>өңірлік бағдарламаларына студенттік құрылыс отрядтарын ұйымдастыруды енгізу.</p>	<p>қалаларының әкімдері, С . М . Мыңбаев, Б . С . Әйтимова, Е.А.Досаев</p>	<p>м ә с л и - х а т т а р ы м е н ә к і м д і к - т е р і н і ң б і р л е с - к е н ш е ш і м - д е р і</p>
17.	<p>Білім және ғылым министрлігі Жоғары оқу орындарының қауымдастығымен</p> <p>бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына қолдау көрсету жүйесін ойластырғаны жөн. Айталық, қазірдің өзінде кез келген шетелге тәжірибеден өтуге баруды қарастыратын әрі бір жыл бойы ғылыми</p> <p>зерттеулер жүргізуге берілетін гранттың мәртебесіне ие "Үздік оқытушы" мемлекеттік стипендиясын тағайындауға болар еді.</p>	<p>"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау.</p>	<p>Б . С . Әйтимова, Е.А.Досаев, Қ . Н . Келімбетов, ЖОО қауымдастығы</p>	<p>н о р м а - т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ а к т</p>
18.	<p>Менің тапсырмам бойынша биылғы жылы Қазақ ұлттық университеті мен Еуразия ұлттық университетіне 20 шетелдік оқытушы кеңесшілер тарту үшін 2</p>	<p>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне шетелдік оқытушы кеңесшілерді шақыру мен орналастыруды бөлінген қаражат шегінде көздеу.</p>		<p>Ү к і м е т к е есеп</p>

	<i>млн. доллар бөлінді. Ендеше Батысқа танымал өзіміздің үздік мамандарымызды дәл осылайша неге марапатта-маска!</i>	Халықаралық танымал отандық ғалымдар мен педагогтер туралы деректер базасын түзу және ЖОО қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің сараланған жүйесін әзірлеу.	Б . С . Ә й т і м о в а , Е.А.Досаев	
19.	<i>Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.</i>	"Білім туралы" Заңның жаңа редакциясында педагог қызметкердің мәртебесі туралы нормаларды көздеу	Б . С . Ә й т і м о в а	заң
Рухани даму мен конфессияаралық келісім				
20.	<i>Біз осы саланы (мәдениет) мемлекеттік қолдаудың толымды бағдарламасын қалыптастыруға тиіспіз.</i>	Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған орта мерзімді бағдарламасын әзірлеу	Е . М . Қосыбаев	Ү к і м е т қаулысы
21.	<i>Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі - еліміздің мемлекеттік тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек</i>	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасына мемлекеттік тілді дамыту бөлігінде өзгерістер енгізу	Е . М . Қосыбаев	Ү к і м е т қаулысы
Жоғарыда айтылған сөздердің бүгінгі үшін, әрбір қазақстандық үшін мәні неде?				
		1. Мынадай: қанда темірдің жетіспеушілігі, асқазан-ішек жолдарының аурулары, өкпенің қабынуы, созылмалы бронхит және бронх демікпесі ауру-		

22.

2006 жылдан бастап диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдік шарттары қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге көшуіміз керек.

лары бойынша диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімді амбулаториялық емдеу кезінде Денсаулық министрлігі бекіткен тізбеге сәйкес тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жыл сайын республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге кемінде 1,0 млрд. теңге бөлу.
2. Қан тамыры гипертензиясы, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы қысылма ауруы өкпенің қабынуы, ойық жара аурулары бойынша диспансерлік есепте тұрған азаматтарды амбулаториялық емдеу кезінде Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен тізбеге сәйкес дәрі-дәрмекпен жеңілдікті жағдайларда қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге кемінде 1,8 млрд. теңге бөлу.

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Е.А.Досаев

Үкіметке
есеп

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Е.А.Досаев

Үкіметке
есеп

2000 жылдан бастап табысы аз отбасыларға 18 жасқа дейінгі балаларына

23.	<p>ай сайынғы жәрдемақылар төленуге, 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы аналарға, "Алтын алқа", "Күміс алқа" немесе I және II дәрежелі "Ана даңқы" белгілерімен марапатталған аналарды арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 4000 теңгеге көбейтілуге тиіс.</p>	<p>"Балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы", "Әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарда аталған жәрдемақыларды көздеу</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова, облыстардың, Астана Алматы қалаларының әкімдері және</p>	<p>заңдар, Үкімет қаулысы</p>
24.	<p>Бұрын жоспарланғандай 2007 жылдан емес, 2006 жылғы 1 шілдеден бастап бір жасқа дейінгі сәбиді күту жөнінде мемлекеттік жәрдемақылар енгізу қажет.</p>	<p>"Балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңда аталған жәрдемақыны көздеу</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова</p>	<p>заң, Үкімет қаулысы</p>
25.	<p>Биылғы жылғы 1 шілдеден бастап біз барлық зейнеткерлерге, еңбек өтіліне, жалақысы мен тағайындалған зейнетақысының мөлшеріне қарамастан, 3000 теңге мөлшерінде қосымша негізгі зейнетақылық төлем жасайтын боламыз.</p>	<p>"Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңда негізгі зейнетақыны көздеу.</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова</p>	<p>заң</p>
	<p>Биылғы 1 шілдеден бастап, біз жоғары оқу</p>			

26.	<p><i>орындары студенттерінің, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру ұйымдары оқушыларының стипендияларының мөлшерін екі еседен астам өсіруге тиіспіз.</i></p>	<p>Жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына және колледждердің оқушыларына стипендиялардың мөлшерін өсіру</p>	<p>Б . С . Ә й т і м о в а , Е.А.Досаев</p>	<p>Ү к і м е т қаулысы</p>
27.	<p><i>Біз ең лайықтылардың шетелдерде білім алуына жәрдем жасаймыз. Жыл сайын үш мың үздік студентке "Болашақ" бағдарламасының шеңберінде әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алу үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болады.</i></p>	<p>Шетелде кадрларды оқыту бағдарламасында бағыттар, елдер және даярлық деңгейлері (бакалавр, магистр, Ph.D докторы) бойынша квоталарды белгілеуді көздей отырып, оны нормативтік және институционалдық қолдауды қамтамасыз ету. Бакалавриат деңгейінде оқудың міндетті шарты ретінде ҰБТ тапсырғаны туралы (90 баллдан төмен емес) сертификаттың және конкурстық комиссия шешімінің болуын белгілеу</p>	<p>Б . С . Ә й т і м о в а , Қ.К.Тоқаев, Е.А.Досаев, З.Я.Балиева</p>	<p>Ү к і м е т қаулысы д е н т Жарлығы</p>
	<p><i>Осы кредиттердің қайтарылуына мемлекеттің кепілдік беруін қамтамасыз ете отырып, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттерге кредит берудің осы заманғы жүйесін жасау керек.</i></p>	<p>Білім және ғылым министрлігінің жанындағы "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесінің базасында екінші деңгейдегі банктер беретін студенттік кредиттерге</p>		

28.	<p>Коммерциялық банктердің студенттерге таяудағы 5 жылда бөлетін кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру үшін қосымша 2 млрд. теңге, оның ішінде биылдың өзінде 600 млн. теңге бөлу қажет.</p>	<p>кепілдік беру жөніндегі ұйымды құру, оны капиталдандыруға 2005-2009 жылдарға арналған республикалық бюджеттен 2 млрд. теңге, оның ішінде 2005 ж. - 600 млн. теңге бөлу.</p>	<p>Б . С . Ә й т і м о в а , А . Ғ . Д у н а е в , Б . Б . Ж ә м і ш е в , Е . А . Д о с а е в</p>	<p>Ү к і м е т қаулысы</p>
29.	<p>2006 жылдан бастап мүгедектердің барлық топтарына және жасына байланысты жәрдемақы алушыларға, сондай-ақ мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды қосымша 1000 теңгеге арттыру қажет деп санаймын.</p>	<p>"Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңда аталған арттыруды көздеу.</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова</p>	<p>заң</p>
30.	<p>2006 жылдан бастап асыраушысынан айырылған 247 мың отбасына 300-ден 1000 теңгеге дейінгі сомада қосымша қолдау қажет.</p>	<p>"Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңда аталған қолдауды көздеу.</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова</p>	<p>заң</p>
	<p>Биылғы 1 шілдеден бастап бюджет саласының қызметкерлері - мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен</p>	<p>Мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысын есептеу үшін</p>	<p>Г . Ж . Қарағұсова, Қ . Н . Келімбетов,</p>	

31.	<p><i>әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32% көтеру қажет деп санаймын. Ал 2007 жылдан бастап орта есеппен 30% көтеру қажет.</i></p>	<p>базалық лауазымдық жалақының мөлшерін 2005 және 2007 жылдардағы республикалық бюджетте қосымша қаражатты көздей отырып нақтылау.</p>	<p>облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>Үкімет қаулысы</p>
32.	<p><i>Тұтас алғанда жалақы мемлекеттік қана емес, жеке меншік секторда да өсуге тиіс. Осыған орай биылғы 1 шілдеден бастап, ең төменгі жалақы мөлшерін 9200 теңгеге дейін өсіру қажет.</i></p>	<p>"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңға толықтыру енгізу</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов, Г . Ж . Қарағұсова</p>	<p>заң</p>
33.	<p><i>Мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ бюджет саласының басқа да қызметкерлерінің жалақысын биылғы 1 шілдеден орта есеппен 32%-ға, 2007 жылдан бастап тағы да 30%-ға көтеру қажет деп санаймын.</i></p>	<p>Мемлекеттік қызметшілердің және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысын есептеу үшін базалық лауазымдық жалақының мөлшерін нақтылау және 2005 жылдың 1 шілдеден бастап жалақының орта есеппен 32%-ға және 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап 30%-ға өсуін қамтамасыз ететін еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсынысты 2005 және 2007 жылдардағы республикалық бюджетте қосымша қаражатты</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов, Г . Ж . Қарағұсова, Ғ . Р . Әбдірахымов, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>Үкімет қаулысы</p> <p>д е н т ж а р л ы қ - т а р ы</p>

		көздей отырып енгізу.		
34.	<i>Ағымдағы жылы тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1600 пәтер салу және ипотекалық бағдарлама бойынша халықтың қолы жететін арзан 11700 пәтер салу қажет.</i>	2005 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін 1600 пәтерді және ипотекалық кредит беру жүйесі арқылы 11700 пәтерді беруді қамтамасыз ету.	С . М . Мыңбаев, К.С.Әбдиев, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	берілген тұрғын үй туралы Үкіметке есеп
35.	<i>Тұтас алғанда қаржыландырудың барлық көздері арқылы 3 жыл ішінде 12 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 195 мың пәтер салуымыз керек. Бұл тұрғын үй құрылысы екі есеге өседі деген сөз.</i>	2005-2007 жылдарда барлық қаржыландыру көздері бойынша 12 млн. шаршы метр тұрғын үйді (195 мың пәтер) беруді қамтамасыз ету.	С . М . Мыңбаев, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Үкіметке есеп
Қолданылып жүрген Конституциямыздың				
пайдалану				

36.

Мұндай жағдайда әңгіме Конституцияда берілген құқықтарды айқын пайдалану жайында болуға тиіс. Сондай-ақ заңдардың бұзылмауы, нақтылы сақталуы жайында болуға тиіс.

Конституцияның қағидаларын түсіндіру, конституциялық құрылыстың қазақстандық тәжірибесін ел ішінде де, шетелде де насихаттау жөніндегі жұмысты конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізе отырып, халықаралық ұйымдардың жұмысына қатыса отырып ұйымдастыру.

И.И.Рогов,
Қ.К.Тоқаев,
Е.М.
Қосыбаев,
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері

Президент
Әкімшілігіне
есеп

Атқарушы билік реформасы

37.

Қолымыз жеткен жағдайды және дамудың алдағы келешегін ескере келе:
 - билікті одан әрі орталықсыздандыру;
 - мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыруға бағытталған атқарушы билікті реформалауды одан әрі жалғастыру қажет деп білем. Сонымен бір мезгілде Үкімет мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату процесін аяқтайтын заң жобаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуі керек. Әкімшілік реформаларды одан әрі тереңдете беру қажет. Жергілікті органдарға өкілеттіктердің бір бөлігін беру арқылы биліктің орталық деңгейінің басы артық мемлекеттік функцияларының санын қысқарту қажет.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі Жарлығын іске асыру аясында мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату процесін аяқтауға бағытталған заңды әзірлеу.

Қ . Н .
 Келімбетов,
 орталық және жергілікті атқарушы органдар

заң

38.	<p>Үкімет ҚР-да жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін айқындайтын ҚР Заңының жобасын ... әзірлеуі қажет.</p>	<p>"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Занды әзірлеу</p>	<p>З.Я. Балиева, Қ . Н . Келімбетов, орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар</p>	заң
39.	<p>Бұған қоса Үкімет Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуын қолдау жөнінде мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге тиіс.</p>	<p>Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды қолдау жөнінде 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов, З.Я. Балиева, орталық және атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар</p>	Президент Жарлығы
40.	<p>Қазір жергілікті атқарушы биліктің халықпен есеп беру кездесулері жүріп жатыр. Мұндай кездесулер қоғамдық-саяси өмірдің бұлжымас ережесіне айналуы керек.</p>	<p>Жергілікті атқарушы органдардың халықпен есеп беру кездесулерін өткізуін нормативтік құқықтық актімен регламенттеу</p>	<p>З.Я. Балиева, Қ . Н . Келімбетов</p>	Президент Жарлығы
	<p>Бұрынғы көнерген және ырыққа көнбейтін мемлекеттік тетікті үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, азаматтарымыз мүддесі үшін осы заманғы, қоғамдық-саяси процесстерді серпінді басқаруға қабілетті тетікке айналдыру ісін аяқтауымыз</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентіне мемлекеттік басқару жүйесі</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов,</p>	

41.	<p>керек. Алқалы орган ретінде Үкіметтің өзінің жұмысының тиімділігін арттыру керек. Осы заманғы басқарушылардан тұратын пәрменді әрі ең бастысы "аз да болса саз болсын" дегендей, оңтайлы мемлекеттік аппарат жасақталуға тиіс.</p>	мен Үкіметтің құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	орталық атқарушы органдар	Үкіметке ұсыныстар
42.	<p>Мемлекеттік органдар тарапынан азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мен мерзімін қысқарту үшін "электрондық үкімет" қалыптастыруды жеделдету қажет.</p>	<p>Мемлекеттік деректер базасын, бірыңғай көлік орталығын, үкіметтік порталды, ұлттық сәйкестендіру жүйесін, электрондық мемлекеттік сатып алуды, электрондық құжат айналымы мен мұрағаттарды қоса алғанда, "электрондық үкімет" инфрақұрылымын құру жөніндегі жұмыстардың орындалуын аяқтау, ақпараттық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етумен мемлекеттік органдар көрсететін электрондық қызметтер құру мен дамыту</p>	<p>А . А . Бектасов, Н . Н . Дүтбаев, орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар</p>	<p>1) лық лекеттік органдар үшін "электрондық үкімет" инфрақұрылымын құру жөнінде Астана қаласында пилоттық жобаны іске асыру; 2) "электрондық Үкімет" порталын құруды аяқтау және мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде көрсету</p>
		1. Орталық және	Қ . Н . Келімбетов, С . М .	

Мемлекеттік қызметті жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру - атқарушы билікті реформалаудың кілті болмақ.
Бұл үшін:
 - мемлекеттің әкімшілік қызметтер көрсетуін жетілдіру;
 - басқарудың бюрократтануын бәсеңдету;
 - мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін оңтайландыру қажет

жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар көрсететін әкімшілік мемлекеттік қызметтерге сыныптама жасау және олардың бір бөлігін мемлекеттік емес секторға беру мақсатында оларға талдау жүргізу

2. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді электрондық түрде көрсетудің тетіктерін әзірлеу және мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөнінде ұсыныстар тұжырымдау мақсатында оларды көрсетудің регламенттеріне талдау жүргізу

3. Мемлекеттік әкімшілік қызметтер мен оларды көрсетудің регламенттеріне жүргізілген талдаудың нәтижесі бойынша нормативтік құқықтық базаға өзгерістер енгізу

4. Әкімшілік рәсімдерді қысқарту ақпараттық технологияларды енгізуді және мемлекеттік қызметші-

Мыңбаев,
 Ғ . Р .
 Әбдірахымов,
 орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар

Бектасов,
 Қ . Н .
 Келімбетов,
 Ғ . Р .
 Әбдірахымов,
 орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар

Келімбетов,
 С . М .
 Мыңбаев,
 Ғ . Р .

н о р м а -
 т и в т і к
 қ ұ қ ы қ т ы қ
 а к т і л е р

А . А .

к е т т і к
 қ ы з м е т -
 т е р
 с е т у д і ң
 р е г л а -
 м е н т т е -
 р і н
 о ң а й л а т у
 ж әне
 б а с қ а р у -
 д ы ң
 р о к р а т -
 т а н у ы н
 б ә с е ң д е -
 т у
 н і н д е г і
 ұ с ы н ы с -
 т а р

с т в о л ы қ
 н о р м а -
 т и в т і к
 а к т і л е р

Қ . Н .

		лер біліктілігін арттыруды ескере отырып орталық және жергілікті атқарушы органдардың құрылымы мен санын оңтайландыру	Әбдірахымов, орталық және жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар	қаулысы
44.	<i>Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеу.</i>	Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың жүйесін әзірлеу	Қ . Н . Келімбетов, Ғ . Р . Әбдірахымов	Президент Жарлығы
45.	<i>Мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті жүйесін (ИСО) енгізу.</i>	Мемлекеттік органдар мемлекеттік қызмет көрсеткен жағдайда сапа менеджменті жүйесін енгізу жөнінде олар үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	С . М . Мыңбаев	уәкілетті бекіткен әдістемелік ұсынымдар
Биліктің заң шығарушы күшейту туралы				
46.	<i>Орталық сайлау комиссиясын, Конституциялық Кеңесті және Есеп комитетін құрудағы Парламенттің қос палатасының рөлін арттырудың қажеттігін талқылау керек. Парламенттік көпшілік негізінде Үкімет құрамын жасақтаудың тетіктері туралы мәселе егжей-тегжейлі және сарабдал пысықтауды талап етеді.</i>	Орталық сайлау комиссиясын, Конституциялық Кеңесті, Есеп комитетін, сондай-ақ парламенттік көпшілік негізінде Үкіметті жасақтауда Парламенттің рөлін көтеру мәселелерін пысықтау	Ә . Р . Жақсыбеков, Н . Ә . Әбіқаев, О . Б . Мұхамеджанов, З.Я. Балиева	Президентке ұсыныстар

47.	<i>Мәслихаттардың бақылау өкілеттіктерін кеңейтуді қарастыру.</i>	Әкімдердің мәслихаттар алдындағы есептілігін кеңейтуге бағытталған Жарлықтың жобасын әзірлеу	Қ . Н . Келімбетов, З.Я. Балиева	Президент Жарлығы
Сот жүйесі мен азаматтарды құқықтық қорғау реформасы				
48.	<i>Сот өндірісін оңайлату, оның объективтілігін қамтамасыз ету.</i>	"Кейбір заңнамалық актілерге соттылықтың ара-жігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң әзірлеу	Қ . А . Мәми, З.Я. Балиева	заң
49.	<i>Сот актілерінің тұрақтылығы мен уақтылы орындалуын қамтамасыз ету.</i>	"Кейбір заңнамалық актілерге орындау өндірісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң әзірлеу	Қ . А . Мәми, З . И . Мақашев, З.Я. Балиева	заң
50.	<i>Сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету заң шеңберіндегі әділетті шешімнің кепіліне айналуға тиіс. Судьяларға берілетін барлық әлеуметтік кепілдіктер пакетін, соның ішінде зейнетақымен қамтамасыз етуді қоса алғанда, оларды лайықты материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету.</i>	"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық заң әзірлеу	Қ . А . Мәми, З . М . Мақашев, З . Я . Балиева, Қ . Н . Келімбетов, А.Ғ. Дунаев	Конституциялық заң
	<i>Судьялардың біліктілігін арттыру, мұның өзі</i>	Мемлекеттік қызмет академиясы құрамында		

51.	Қазақстанның сот жүйесін ХХІ ғасырдағы шаруашылық, инвестициялық және сауда проблемаларына сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.	Сот төрелігі институтын құрып, оның базасында судьялардың, прокурорлардың және адвокаттардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	Ғ . Р . Әбдірахымов, Қ.А.Мәми, А.Ғ.Дунаев, З.Я. Балиева, Р . Т . Түсіпбеков	нормативтік құқықтық акт
52.	Сот өндірісі шеңберінде және сот шешімдерін атқару кезеңінде азаматтар құқығына берілетін кепілдіктерді күшейту. Қылмыстық сот өндірісі мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету.	"Кейбір заңнамалық актілерге адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң әзірлеу	З.Я. Балиева, З . Қ . Тұрысбеков, С . С . Қалмырзаев, Р . Т . Түсіпбеков, Н . Н . Дұтбаев	заң
53.	Қылмыстық сот өндірісі тәжірибесіне алқа билер соты институтын енгізу қажет	"Кейбір заңнамалық актілерге алқа билер заседателдері соты институтын енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Алқа билер заседателдері туралы" Заңдар әзірлеу	З.Я. Балиева, Қ.А. Мәми, Р . Т . Түсіпбеков, Қ . Н . Келімбетов	заң
54.	Сот рәсімдерінің ашықтығы мен анықтығын барынша қамтамасыз ету қажет.	Бұл мәселе бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысын қабылдау	Президент Әкімшілігімен келісе отырып Қ.Ә. Мәми, З . М . Мақашев	Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы
Сайлау туралы				
	Сайлау заңнамасын одан әрі			

55.	жетілдіру қажеттілігін талқылаған жөн. Орталық сайлау комиссиясына сайлау процесін құқықтық қамтамасыз етудегі кемшіліктерге байыпты талдау жасауды тапсырамын. 2005 жыл ішінде Орталық сайлау комиссиясы халықаралық стандарттар мен қоғамымыздың даму деңгейіне толық сай келетін, сайлау тетіктерін сапалық жағынан жақсарту жөнінде тиісті ұсыныстар әзірлеп, енгізуге тиіс.	Ағымдағы заңнамадағы кемшіліктер мен оларды жоюдың тетіктерін анықтай отырып, оларға талдау жүргізу	О.И. Жұмабеков	Президенттің ұсыныстар
-----	--	---	----------------	------------------------

Азаматтық қоғам институттарын дамыту туралы

56.	Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттарды алдағы уақытта да дәйекті түрде жасау әрі қорғау қажет. Сонымен қатар сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатаң заңнамалық тосқауыл қойылуы шарт.	Нормативтік құқықтық актілер әзірлеу	Е . М . Қосыбаев, З.Я. Балиева, Н . Н . Дүтбаев, Ә . А . Бектасов.	нормативтік құқықтық актілер
-----	--	--------------------------------------	--	------------------------------

Сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес туралы

--	--	--	--	--

57.	<p>Бір жерде ғана төлқұжат тіркеп, салық төлеушінің есептік нөмірі, жүргізуші куәлігі және т.б. құжаттар ала алатын, "жалғыз терезе" қағидасы бойынша тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтар құру. Тәжірибе ретінде биылдың өзінде Астана және Алматыға осыны жасап көру керек.</p>	<p>Астана, Алматы қалаларында "жалғыз терезе" принципі бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру</p>	<p>З.Я. Балиева, Ө . А . Бектасов, А.Ғ.Дунаев, Қ . Н . Келімбетов, Б . С . Оспанов, З . Қ . Тұрысбеков, А с т а н а , А л м а т ы қалаларының әкімдері</p>	<p>Ү к і м е т қаулысы</p>
58.	<p>Шенеуніктердің сыбайластық іс-әрекетіне ерікті немесе еріктен тыс жағдай туғызатын заңға тәуелді барлық актілер қайта қаралуға тиіс. Бизнесі мемлекеттік қызметтен түбегейлі бөліп тастау керек.</p>	<p>Заңға тәуелді қолданыстағы актілерде сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар үшін жағдай туғызушы нормалардың бар-жоғы тұрғысынан оларға тексеру жүргізу</p>	<p>С . С . Қалмырзаев, З.Я. Балиева, о р т а л ы қ ж ә н е жергілікті атқарушы, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар</p>	<p>н о р м а - т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ актілер</p>
59.	<p>Рұқсат беруші органдардың көптігін жою керек.</p>	<p>Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнаманы тексеруді аяқтау, рұқсат беру құжаттарын алу рәсімін оңайлату және қызметтің лицензияланатын түрлерін қысқарту жөнінде</p>	<p>Қ . Н . Келімбетов, С . М . Мыңбаев, В . С . Школьник, Қ . Ы . Нағманов, М.Ж.Көпеев, А . Б . Самақова, Ө . Ғ . Сәйденов, Б . С . Әйтимова, С . Ә . Ү м б е т о в , Г . Ж . Қарағұсова,</p>	<p>н о р м а - т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ актілер</p>

		ұсыныстар енгізу	Е.А. Досаев, З. Қ. Тұрысбеков, З.Я. Балиева	
60.	<i>Мемлекеттік қызметшінің жеке бизнеспен айналысуына және компаниялардың мүдделерін жақтауына тыйым салатын ар-ұждан кодексін әзірлеу керек.</i>	Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелерінің жаңа редакциясын (Мемлекеттік қызметшілердің ар-ұждан кодексі) әзірлеу	Ғ . Р . Әбдірахымов	Президент Жарлығы
61.	<i>Тәртіптік кеңестерді Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке түпкілікті беру, орталық бюджетке ауыстыру және оларды заңгер мамандармен нығайту керек, оған зейнет жасына жақындаған шенеуніктерді орналастандырумен шұғылданудың әсте қажеті жоқ. Кеңес мемлекеттік қызметшілердің этиканы және ар-ұждан кодексін орындауын қадағалауға тиіс.</i>	1. "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңға өзгерістер енгізу 2. Президенттің : - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестерін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беруді; - Тәртіптік кеңестер туралы ережені бекітуді көздейтін Жарлығын әзірлеу	Ғ . Р . Әбдірахымов Әбдірахымов	з а ң Президент Жарлығы
Қазақстан қазіргі әлемде				
Біздің сыртқы саясаттағы басымдықтарымыз				
	<i>Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропалық Одақпен ынтымақтастықты дамыту басым бағыттар болып қала береді.</i>	1. Мемлекет басшысының Жолдауында баяндалған басымдықтарды ескере отырып Сыртқы саясаттың жанартылған	Қ.К. Тоқаев	Президент Жарлығы

62.	<p><i>Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ел ішіндегі реформаларға қолайлы жағдай туғызу мақсатында Үкіметтің алдында осы мемлекеттермен арадағы негізгі шарттар мен келісімдерді бұлжытпай жүзеге асыру міндеті тұр.</i></p>	<p>тұжырымдамасын әзірлеуді аяқтау 2. Аталған мемлекеттермен екі жақты және көп жақты ауқымда саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, есірткі биз-несі мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөнінде өзара іс-қимылды күшейту</p>	<p>Қ.К.Тоқаев, Н . Н . Д ұ т б а е в , З . К . Т ұ р ы с б е к о в , А . Ф . Д у н а е в , М . Ж . К ө п е е в</p>	<p>а р а л ы қ ш а р т т а р м е н к е л і с і м - д е р , Ү к і м е т к е есептер</p>
63.	<p><i>Біз стратегиялық тұрғыдан Қазақстанның мүдделері толығымен ескерілген жағдайда Бүкіләлемдік сауда ұйымына тезірек кіруге ықыластымыз.</i></p>	<p>Келіссөз процесін жеделдету және қорытынды құжаттың - ҚР-ның ДСО-ға кіру жөніндегі жұмыс тобы баяндамасының түбегейлі нұсқасын дайындау мақсатында Үкімет мүшелерінің, келіссөз жүргізетін топ мүшелерінің ДСО-ға басты мүше елдерімен келіссөздер жүргізуі</p>	<p>С . М . М ы ң б а е в , Қ . К . Т о қ а е в , Ү к і м е т мүшелері</p>	<p>к е л і с - с ө з д е р х а т т а м а - л а р ы , Д С О - ғ а к і р у ж ө н і н д е - г і т о б ы н ы ң б а я н д а - м а с ы</p>

Бізді бүгін не алаңдатып отыр?

	<p><i>Мен бұдан әрі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруымыздың жолында елеулі кедергі болуы ықтимал ХХІ ғасырдың қазіргі кезде көрініп жүрген объективті</i></p>			
--	---	--	--	--

кәтерлеріне сіздердің назарларыңызды арнайы аударғым келеді. Бұл кәтерлер қыр астында жатқан жоқ. Біздің еліміздің бейбіт еңбегі мен прогресі баршамызға және әлемдік қоғамдастықтың ұстанымына байланысты. Әңгіме не туралы болып отыр? Біріншіден, осы өңірде тұрақсыздық пен діни экстремизм етек жая бастады. Сондықтан да біз осы проблемаларды шешу үшін барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен бұрынғысынша белсене ынтымақтасатын боламыз. Екіншіден, географиялық орналасуы жағынан алғанда Қазақстан белортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруы. Лаңкестіктің ушығуы жағдайында біз өңірдегі барлық мемлекеттер мен мүдделі елдердің іс-қимылы мен белсенділігін үйлестіруді

Терроризмнің діни экстремизмнің ұлтаралық алауыздығының, есірткілердің заңсыз айналымының алдын алу мен жолын кесу және олардың зардаптарын оқшаулау жөнінде кешенді шаралар әзірлеу және іске асыру. Тұрғындардың бұқаралық санасында терроризм, экстремизм, нашақорлық идеяларын қабылдамауды қалыптастыру мақсатында аталған жұмысқа бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық және діни бірлестіктердің, ғылымның әлеуетін іске қосу жөніндегі іс-шараларды іске асыру. Аймақтық тынышсыздық пен кәтерлерге қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтасты жандандыру

Н . Н .
Дүтбаев,
Е . М .
Қосыбаев,
С . С .
Қалмырзаев,
Р . Т .
Түсіпбеков,
З . Қ .
Тұрысбеков,
М.Ж.Көпеев,
Қ.К.Тоқаев,
Астана,
Алматы қалаларының әкімдері

Президент
жарлықтары

қаулылары

аралық шарттар мен келісімдер

тивтік құқықтық актілер

	сапалық жаңа деңгейге көтеру жолында қадамдар жасауға әзірміз.			
Өңірдегі жағдай туралы				
65.	Мен Орталық Азия мемлекеттері одағын құруды ұсынамын.	Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру тұжырымдамасын дайындап, оны қарау және келісу үшін ОАО мемлекеттерінің басшыларына жіберу	Қ.К.Тоқаев, министрліктер мен ведомстволар	Мемлекет басшысына наыстар
Мемлекеттік органдардың Жол, жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмысы				
66. 67.		Республикалық және өңірлік деңгейлерде тиісінше кеңестер мен идеологиялық активтер, ғылыми-практикалық конференциялар мен "дөңгелек үстелдер" өткізуді, барлық деңгейдегі ақпараттық-насихаттық топтардың барлық елді мекендерді қамтуын қамтамасыз ете отырып, олардың жұмысын ұйымдастыруды көздей отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын насихаттау, түсіндіру және жүргізу жөнінде ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар ке-	Е.М. Қосыбаев, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Президент Әкімшілігіне ақпарат

	<p>шенін әзірлеу және іске асыру.</p> <p>Шетелде ақпараттық-насихаттық жұмыс ұйымдастыру. Танымал шетелдік БАҚ-тарда Жолдау тақырыбына беделді көтеретін материалдардың жол табуын қамтамасыз ету.</p> <p>Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің web-сайттарында Жолдауды түсіндіру мен насихаттау мәселелері жөнінде арнайы беттер ашу</p>	<p>Қ . К . Тоқаев , Е . М . Қосыбаев</p>	<p>Президент Әкімшілігіне ақпарат</p>
--	---	--	---------------------------------------

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарды белгіленген мерзімдерде бұлжытпай орындауға барлық қолда бар ресурстар жұмылдырылады.

Бұған қол жеткізу үшін:

Жоспар іс-шараларын іске асыруға жүйелі бақылау орнатып, ай сайын оның орындалу барысын қарау;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың Жоспар тапсырмаларының орындалуы туралы есептерін тоқсан сайын тыңдау көзделіп отыр.

Жоспарды орындау: индустриялық-инновациялық даму, әлеуметтік реформаларды тереңдету, денсаулық сақтау ісін реформалау және дамыту, білім беруді дамыту, тұрғын үй және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың іс-шараларын іске асырумен бекітіле түсетін болады.

Түбегейлі нәтижелерін әрбір азаматқа дейін жеткізу мақсатында Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіру жөнінде мақсатты жұмыс ұйымдастырылатын болады.

Жолдауды іске асыру жөніндегі жоспарларды белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті атқарушы және басқа да

**мемлекеттік органдар, сондай-ақ министрліктердің құрамына кіретін комитеттер
әзірлейтін болады.**

**Жоспарды іске асыру нарықтық, әлеуметтік және демократиялық мемлекет
ретінде Қазақстанның дамуын қамтамасыз етуге, халықтың тұрмыс деңгейін
елеулі түрде көтеруге мүмкіндік береді.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК